



**№2 (43)
2016**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
А.С. Сақтағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрі Б. Имашевтың Қоғамдық кеңес алдындағы есеп-баяндамасы.....	5
«Қазақстан Республикасының Заңнама институты жаршысының» 10 жылдығына орай	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Заңнама институтының жаршысы журналының Қазақстан құқығының дамуына қосқан үлесі	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
С.С. ШЕШЕНБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы нысандарының бірі ретінде	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	24
В.Т. ҚОНЫС Жаңа Азаматтық процесілік кодекстің аясында азаматтық процестегі прокурордың рөлі және қатысу нысандары И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Қазақстан Республикасы халқын кредиттеудегі кредиттік серіктестіктердің рөлі	24 32
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Қолданыстағы заңнама кредит шартының (кредиттік шарттың) кейбір мәселелері туралы	38
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	43
Ш.Ж. КЕНЖЕТАЕВ Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде айғақтарды сақтауға қоюдың ерекшеліктері	43
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің кейбір мәселелері	47
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы мәселеге	55
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	63
М.А. СӘРСЕМБАЕВ ЕАЭО елдерінде атомдық электр станцияла- рын салу және оны пайдалану кезінде экологияны нормативтік- құқықтық реттеу проблемаларын айқындау мен шешу	63
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес жетілдірудің кейбір мәселелері	73

Құқықтық мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА ҚР құқықтық мониторинг туралы жаңа заңнамасының кейбір аспектілері	79
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы тәжірибесінен	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МҰШАНОВ Заң терминдері мен тұрақты тіркестерінің теңтүпнұсқалығын қалыптастырудың кейбір мәселелері	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистикалық сараптама: қолданыстағы заңнама терминологиясы материалында	89
Шетелдік тәжірибе	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Ресейдің корпоративтік құқығы: жалпы сипаттама	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Мәскеу) Ресейдегі халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды іске асыру аясындағы ұлтаралық параға сатып алу үшін қылмыстық жауаптылық	101
О.И. СЕМЫКИНА (г. Москва) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шаралары: ЕАЭО елдерінің заңнамасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар	107
Жас ғалым мінбері	115
А.А. ЖАБАЕВА Қазақстан Республикасында халықаралық төреліктің қалыптасуы және дамуы	115
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Алдын ала тергеу мерзімінің үзілу кезеңіндегі қылмыскерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестірудің құқықтық негіздері	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Интеграциялық құқықтың мәні мен құқықтық табиғатын анықтаудың теориялық мәселелері	123
Ақпараттық хабарламалар	130
2016 жылғы 21 сәуірде Астана қ. өткен «Әкімшілік заңнаманы жетілдіру туралы: жаңа Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолдану практикасын қорытындылау нәтижелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	130
2016 жылғы 12 мамырда Астана қ. өткен Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция («Шәйкенов оқулары») туралы ақпараттық хабарлама	137
2016 жылғы 26 мамырда Астана қ. өткен Мемлекеттік тілдегі заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларының сапасы және ғылыми лингвистикалық сараптама мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама	140
Лейпциг қ. (Германия) өткен Әкімшілік құқық және процесс бойынша халықаралық форум туралы ақпараттық хабарлама, 2016 жылғы 20-23 маусым	144
Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	145



**№2 (43)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.С. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Доклад-отчет Министра юстиции Республики Казахстан Б. Имашева перед Общественным советом	5
<i>К 10-летию «Вестника Института законодательства Республики Казахстан»</i>	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Вклад Вестника Института законо- дательства в развитие казахстанского права	13
<i>Конституционное и административное право</i>	18
С.С. ШИШИМБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Общественные советы как одна из форм взаимодействия государственных органов и гражданского общества	18
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	24
В.Т. КОНУСОВА Роль и формы участия прокурора в гражданском процессе в контексте нового гражданского процессуального кодекса	24
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Роль кредитных товариществ в кредитовании населения Республики Казахстан	32
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Действующее законодательство о некоторых вопросах договора кредита (кредитного договора)	38
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	43
Ч.Д. КЕНЖЕТАЕВ Особенности депонирования показаний в уголовном процессе Республики Казахстан	43
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Некоторые проблемы борьбы с уголовными правонаруше- ниями, посягающими на экологическую безопасность	47
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА К вопросу о пра- вовом положении лиц, участвующих в уголовном процессе ..	55
<i>Международное право и сравнительное правоведение</i>	63
М.А. САРСЕМБАЕВ Выявление и решение проблем норма- тивно-правового регулирования экологии при строительстве и эксплуатации атомных электростанций в странах ЕАЭС ...	63
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Некоторые вопросы совершен- ствования национального законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами ОЭСР	73

Правовой мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА Некоторые аспекты нового законодательства РК о правовом мониторинге	79
Из практики законодательства на государственном языке	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МУШАНОВ Некоторые вопросы формирования аутентичности юридических терминов и устойчивых словосочетаний	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистическая экспертиза: на материале терминологии действующего законодательства	89
Зарубежный опыт	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Корпоративное право России: общая характеристика	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Москва) Уголовная ответственность за транснациональный подкуп в свете реализации Россией международных антикоррупционных стандартов	101
О.И. СЕМЫКИНА (Москва) Уголовно-правовые меры противодействия коррупции: сходства и различия в законодательстве стран ЕАЭС	107
Трибуна молодого ученого	115
А.А. ЖАБАЕВА Формирование и развитие международного арбитража в Республике Казахстан	115
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые основы розыска уголовных преступников и без вести пропавших лиц в период прерывания сроков досудебного расследования	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Теоретические проблемы определения сущности и правовой природы интеграционного права	123
Информационные сообщения	130
Информационное сообщение о круглом столе на тему «О совершенствовании административного законодательства: по итогам обобщения практики применения нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях», г. Астана, 21 апреля 2016 года	130
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции, посвященной памяти Н.А. Шайкенова, на тему: «Обеспечение прав личности в современных условиях» («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 12 мая 2016 г.	137
Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам качества проектов законов и международных договоров на государственном языке и научной лингвистической экспертизы, г. Астана, 26 мая 2016 г.	140
Информационное сообщение о Международном Форуме по административному праву и процессу в г. Лейпциге (Германия), 20-23 июня 2016 г.	144
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	145



Шолан Бекен Ахметоллаұлы,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
ғылыми қызметкері



Мұшанов Талгат Егінбайұлы,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
Аударма секторының
жетекші ғылыми қызметкері

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІ МЕН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ТЕҢТҮПНҰСҚАЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған жүздеген заңдар еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде мемлекетіміздің құқықтық базасын қалыптастырып, экономикалық, ауыл шаруашылық, әлеуметтік және басқа да салаларда атқарылатын ауқымды істерді заң тұрғысынан қамтамасыз ету жолындағы көкейкесті мәселелердің уақтылы жүзеге асырылуына, сөйтіп, дүниежүзілік нарықтық экономикаға кірігу үшін заңдарымыздың халықаралық құқықтық актілермен дер кезінде сәйкестендірілуіне тікелей ықпал етіп келеді. Олардың оң нәтижелерін әлемдегі аузы дуалы саясаткерлер мен саликалы сарапшылар да мойындап отыр. Бұл, әрине, мақтан етуге тұратын құптарлық іс.

Дегенмен де, жоғарыда аталған заңдардың барлығы дерлік орыс тілінде дайындалып, кейіннен қазақ тіліне аударылғанын ескерсек, аударма тіліне қойылатын талаптарды бұлжытпай орындау, яғни, екі тілдегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын сақтау мәселесі әлі де болса күн тәртібінен түспей келеді. Оның дәлелді себептері бар екені белгілі, бірақ дәлелсіз себептері де жоқ емес. Яғни, біз заңның орысша түпнұсқасынан аударылатын мәтінінің сапасын арттыру, орын алған олқылықтарды жою жолындағы іс-шараны жалғастыра беруіміз керек.

Бұл ретте мемлекеттік тілдің мәртебесін

нық ұстап тұратын негізгі тұғырлардың бірі заң тілін жетілдіру екенін естен шығармауға тиіспіз. Себебі, күнделікті өмірде қандай да бір заң немесе одан туындайтын заң актісі қолданылмайтын сала жоқ деседе болады. Осыған орай қабылданған арнайы бағдарламалар, жүйелі жоспарлар бар. Жалпы тіл төңірегінде бұған дейін де көптеген мәселелер көтеріліп, қыруар жұмыс атқарылып келді. Мұндай игі іс бұдан былай да жалғасын таба бермек. Мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар жоспарлы түрде алуан түрлі іс-шаралар өткізуде. Бүгінгі таңда олардың нәтижесі заң тілінің дамуына оң әсерін тигізуде.

Мемлекеттік тілді дамытуға қомақты қаржы бөлініп, қаншама келелі іс атқарылғанымен, кейбір жекелеген азаматтардың ана тіліне деген немқұрайлылығы, өз тілінде сөйлеуге келгенде дәрменсіздік көрсетуі осы саладағы баянды бастамалардың ілгері жылжуын баяулатып отырғаны жасырын емес. Демек, жалпы тілдің, оның ішінде заң тілінің (немесе аударма тілінің) мәртебесін көтеруге бүкіл халық болып атсалысуға тиіспіз. Бұл орайда, негізгі кемшілікті «жоғарғы жақтан» іздей бермей, әркім өз іс-әрекетіне сын көзбен, жоғары жауапкершілікпен қарағаны абзал.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ел халқына жыл сайынғы Жолдауларында және Ұлытау төріндегі сұхбатында тілімізге байланысты ой-

толғамдарын ортаға салып, оны дамытуға кедергі болып отырған мәселелерді байыппен шешудің саликалы міндеттерін көрсетіп берген еді. Мәселен, Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

...Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді» – деген құнды пікір айтқан. «Құнды» деуіміздің себебі, осы шағын үш сөйлемде ата-бабамыздың тәжірибесі де, бұған қазіргі ұрпақтың қосатын үлесі де, осы тұрғыдан әрқайсымыз жадымызда ұстауға қажетті міндет те бар. Қазақстанның патриоты болғысы келетін әрбір қазаққа, әсіресе жастарға осыдан артық қандай бағыт-бағдар керек?!

Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырып отырған іс-шараларды атап өткен жөн. Мәселен, тіл мәселесіне қатысты әртүрлі басқосудар, ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрады. Оларға заңгер-ғалымдар, журналистер мен тіл мамандары тартылады. Осы шаралардың қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірленіп, арнайы жинақтар шығарылады.

Министрлік жанындағы Заңнама институты Лингвистика орталығының қызметкерлері қабылданған заңнамалық актілерге іргелі ғылыми-зерттеу жүргізу мақсатында жоспарлы түрде тиянақты жұмыс атқарып келеді. Мәселен, 2015 жылы азаматтық заңнаманың әлеуметтік салаларын қамтитын 3 кодекс пен 49 заңның мәтініндегі терминдер мен жекелеген сөздерді Орталықтың әрбір қызметкері әліпби бойынша бөліп алып, олардың аудармасына мұқият талдамалық сараптама жасады. Соның нәтижесінде көптеген заң мәтіндерінде жаңсақ аударылған терминдер мен сөздер, орашалақ құрылған сөйлемдер мен сөз тіркестері анықталды. Олардың дұрыс баламалары зерттеу барысында сүзгіден өткізіліп, Мемлекеттік терминологиялық комиссияның (бұдан әрі – Терминком) отырысында талқылауға ұсынылды.

Ал ағымдағы жылдың басында Орталық қызметкерлеріне 2013 жылға дейін қабылданған, экономика, қаржы, өнеркәсіп, көлік салаларына қатысты әртүрлі көлемдегі заңдар бекітіп берілген

еді. Енді олар өздеріне тиесілі заңдардағы терминдер мен тіркестерді әріптердің әліпбиі ретімен ғана емес, бүкіл заңды тұтастай қарап шығып, зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми сараптама жасайды, басшылыққа тоқсан сайын атқарған жұмысы туралы есеп беріп отырады. Заңдарда жиі қолданылатын терминдер мен тұрақты тіркестер сұрыпталып, олардың дұрыс баламасы «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов) кезекті басылымына енгізіледі. Сөйтіп, осы жылдың соңына (желтоқсан айына) дейін, тұтастай алғанда, 62 заңға толықтай сараптама жасалып, мамандардың талқысынан өтеді. Мұндай сараптамалық зерттеу заң терминдері мен заңнама ұғымының тезаурусын бір ізге түсіру арқылы аудармадағы теңтүпнұсқалықты қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз.

Енді осындай ауқымды ғылыми-талдамалық жұмыстың қалай жүргізіліп жатқанын іс жүзінде көрсету үшін бір ғана заңмен нақты мысал келтіре кетейік.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы бойынша:

1. Осы Заңның 5-бабының 1-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацында «сфера» термині «сала» деп алынған, бұл арада оның дұрыс баламасы «ая» болуға тиіс. Осылайша нақты тұжырым жасауымызға мынадай себептер бар.

Біріншіден, 4-баптың «Сферы естественных монополий» деген тақырыбы «Табиғи монополиялар аясы» деп дұрыс берілген екен. Бірақ, 5-баптан бастап «сфера» термині дәл осындай сөз тіркестерінде «саласы» деп өзгертілген. Яғни, осы Заңның қазақша мәтінінде бір термин екі түрлі аударылған.

Екіншіден, орыс тіліндегі «в области», «в отрасли» деген сөздер бұрыннан «саласында» деп аударылып жүр. Академиялық сөздікте де солай. Бұл арада «сала» ұғымы «сфера» терминінің дәл мағынасын бере алмайды, өйткені оның «ая» сөзіне қарағанда мағынасы кеңірек деп есептейміз.

Қолданыстағы заң актілерінің бәрінде дерлік осы үш сөз де (сфера, отрасль, в области) көбінесе «саласы» болып аударылған. Алдағы уақытта Терминкомның отырысында білікті мамандарды тарта отырып, осы терминдердің аражігін нақты ажыратып алған дұрыс.

2. «Мотивированный» деген сөз 7-2-баптың

2-тармағының бесінші абзацында және 3-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацында «уәжді» деп алынса, осы баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында «дәлелді» болып жүр. Біздің ойымызша, «уәжді» деген анықтауыш көбінесе пікірге байланысты ауызекі тілде қолданылады. Ал аталмыш бапта мәселе өтініш туралы болып отырғандықтан, оның «дәлелді» деген баламасы дұрыс деп есептейміз. Бұл термин «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде» (толықтырылған екінші басылымы, 2015 ж.) де осылай алынған.

3. 6-баптың 5) тармақшасында орыс тіліндегі «законодательство» термині «заңдар» деп көпше түрде алынған екен, «законодательство» сөзі орыс тілінің грамматикасы бойынша жекеше түрдегі (единственное число, средний род) зат есім, яғни, бұл арада терминнің түпнұсқасы қазақ тіліне дұрыс аударылмаған, нәтижесінде екі тілдегі мәтіннің теңтүпнұсқалығы бұзылған.

Осы заң қабылданғаннан бері көптеген терминдердің жаңа баламасы табылып, қолданысқа енгізіле бастағаны белгілі. Солардың бірі – «заңнама» («законодательство») сөзі. Ол кеңестік кезеңнен бері «заңдар» деп жаңсақ алынып келген еді, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Терминком аталмыш терминнің нақты баламасын бекітіп берді, сөйтіп, қолданыстағы заңдарға түзету енгізілгенде терминнің осы аудармасы ескеріле бастады.

Мысалы, «Институт законодательство Республики Казахстан» деген мекеме атауындағы «заң» сөзі «заңнама» болып өзгертілді. Сондай-ақ осы баптың 5) тармақшасындағы «...в установленном порядке» деген сөз тіркесі «заң белгіленген тәртіппен» деп мүлдем түсініксіз аударылған. Дұрыс аудармасы «заңнамада белгіленген тәртіппен» болуға тиіс.

4. Орыс тіліндегі «трубопровод» термині 4-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында «құбыржол», ал 5-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацында «құбыр» болып жүр. Дәл баламасы «құбыржол» болуға тиіс. Өйткені «құбыр» терминін орыс тіліне кері аударғанда «труба» болып шығады.

5. 3-баптың 1) тармақшасында орыс тіліндегі «ставка» термині сол күйінде («ставка») қалдырылыпты. Ал Заңның ұғымдық аппаратының өзінде «ставка» терминінің қазақша аудармасы екі нұсқада берілген: 1), 6), 20), 27) және 28) тармақшаларда «ставка», ал 3) және 22) тармақшаларда «мөлшерлеме» деген баламалары қолданылған.

Бұл терминнің дұрыс аудармасы «мөлшерлеме» болуға тиіс, өйткені оған «...жалақының, салықтың және т.б. нормативтермен белгіленген мөлшері» деген анықтама берілген. Оның үстіне, Терминком осы сөзді «мөлшерлеме» деп бекіткен.

6. «Рынок» термині 2-баптың 1 және 3-1-тармақтарында «рынок» деп, ал осы баптың 3-2-тармағында «нарық» деп аударылған. Қазіргі кезде «нарық» сөзін Терминком бекіткендіктен, ол тұрмыста да, экономикалық тұрғыдан да сөздік қорымызға түбегейлі еніп, тұрақты түрде қолданылып келеді.

Осы және басқа да терминдердің бір заңда әртүрлі қолданылуына келетін болсақ, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде басқа баптар ескерусіз қалған сияқты. Мұндай олқылықтар көптеген заң актілерінде кездеседі. Оларды болашақта бірте-бірте бір ізге салуға болады деп есептейміз.

7.5-баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасында «предмет» сөзі «мән» деп алыныпты, оның қолданыстағы дұрыс баламасы «нысана» болуға тиіс. Өйткені «мән» деген анықтауыш «мағынаның» синонимі болғандықтан, бұл арада бағыт-мақсатты білдіре алмайды.

«Предмет» терминінің «пән», «нысана» және «зат» деген үш мағынасы бар. «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде» (толықтырылған екінші басылымы, 2015 ж.) де осы баламалары берілген. Олар өз кезегінде сөйлемнің түпмәтініне қарай лайықталып қолданылады.

8. Шетел тілінен енген көптеген экономикалық терминдер көбінесе сол қалпында алынады, себебі оларды қисынсыз икемдеп, қандай да бір жасанды баламасын қолдану арқылы сөзжасам жасау жаңсақтыққа әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан да, шетел тілінің транскрипциясымен берілген әрбір терминді білікті мамандардың қатысуымен жан-жақты саралап, ой елегінен өткізіп барып қолданысқа енгізген жөн деп есептейміз. Ал енді шетелдің кейбір сөздерінің мағынасын дәл беретін баламасы табылып жатса, оны дұрыс қабылдап, тілімізді байыта түсуге болады ғой. Ондай сәтімен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері аз емес (мысалы: «глобализация – жаһандану», «стаж – өтіл», «резюме – түйіндеме», «реквизит – деректеме» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда. Осыған орай, 3-баптың 18) тармақшасындағы «аффилированное лицо» деген тіркесті (осы Заңда «аффилирленген тұлға» деп аударылыпты) «үлестес тұлға» деп

алсақ қателеспейміз. Жоғарыда аталған бапта мәселе кәсіпкерлік қызметке өзінің пайыздық үлесімен қатысатын тұлға жайлы болып отыр. Бұл терминді бекіткенде Терминком да осыны негізге алған болуы керек деп ойлаймыз.

9. 10-баптың тақырыбында «услуги» деген сөз «қызметтер» деп алынса, осы баптың бірінші бөлігінің 1) және 4-2) тармақшаларында «көрсетілетін қызметтер» деп аударылған. «Қызметтің» орыс тіліндегі нақты баламасы – «деятельность» немесе «служба». Бұл орайда, соңғы жылдары қабылданған заңдарда (шарттарда, келісімшарттар мен келісімдерде) «көрсетілетін қызметтер» тіркесі «услуги» терминінің баламасы ретінде тұрақты түрде қолданылып жүргенін естен шығармау қажет.

10. Осы Заңның бір бабында ғана (10-баптың 5) тармақшасы) «вправе» термині «хақылы» болып жүр, ал басқа баптарда «құқылы» деп дұрыс аударылған. Дұрыс дейтін себебіміз, Терминком «право» деген терминді «құқық» деп, ал «вправе» сөзін «құқылы» деп бекіткен.

Бұл ретте, тоқсаныншы жылдардың ішінде қабылданған заңдардың мәтінінде бір терминнің екі немесе үш түрлі баламамен берілуі жиі кездесетінін неліктен деген сұрақ туындауы заңды. Осыған байланысты мынаны ескерте кеткен жөн. Айталық, аталмыш заңдар қабылданғаннан бері оларға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы уақыт аралығында кейбір сөздер мен сөз тіркестері өзгеріске ұшырап, көптеген терминдердің жаңа баламалары айналымға енгізілді. Заңдардың бүкіл мәтінін бір мезгілде бір ізге салу мүмкін болмағандықтан, ескі терминдер сол қалпында қалды. Оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде осы жағдай ескеріліп, терминдер бірте-бірте бір ізге түсіріліп келеді. Жоғарыда аталған уәжге орай тағы бір айтарымыз, мұндай олқылықтарға заң шығарушылар немесе аудармашылар кінәлі емес. Ол кезде уақыт талабы осылай болған.

Заң мәтіндерінің тентүпнұсқалығы туралы сөз болғанда, орыс тілінде көптеген терминдер, жекелеген сөздер мен сөз тіркестері көпше түрде жазылғанымен, оларды аударған кезде қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері ескеріле бермейтінін атап өту керек. Мәселен, «науки – ғылымдар», «знания – білімдер», «правонарушений – құқық бұзушылықтар», «в целях – мақсаттарында», «в случаях – жағдайларда», «на оснований – негіздерінде» деп алынып жүр. Ал бұл сөздер қазақ тілінің грамматикасы бойынша көпше түрдегі жиынтық ұғымды білдіреді, сондықтан олар жекеше түрде жазылуға тиіс, сонда айтуға

да, қолдануға да қолайлы әрі оңтайлы болады.

Бұған нақты мысал ретінде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің атауын (ал орысша атауы – «Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях») келтіре кетуге болады. Осындағы «об административных правонарушениях» деген сөз тіркесін «әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» деп алсақ, ол айтуға ауыр әрі қолдану кезінде оралымсыз болып шығар еді. Бұл жиынтық ұғымды білдіреді, сондықтан нормаға нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Ал осы терминді түпмәтінге қарай кейде көпше түрде алуға тура келеді (әсіресе, құқық бұзушылықтарды түрге, санатқа жіктеген кезде). Заң шығару барысында тілімізге тән осындай ерекшеліктерді есте ұстау қажет-ақ.

Сол сияқты алдындағы анықтауышы сан есім болатын зат есімдер де («отыз күн», «бірнеше кәсіпкер», «көптеген жеңілдік», «екі бап» және т.б.) жекеше тұлғада берілуге тиіс. Мұндай олқылықты кез келген қазақша заңның мәтінінен табуға болады. Сондықтан, болашақта мемлекеттік тілдегі заң жобаларын тіл білімі институты ғалымдарының сараптамасынан, білікті тіл мамандарының тезінен өткізіп алған артық болмас еді деп ойлаймыз.

Бүгінгі таңда егемен еліміздің өркендеуіне тікелей ықпал ететін заңдар қабылданып, мемлекеттің құқықтық базасы қалыптасу үстінде. Мұндай ауқымды істе бірен-саран олқылық та болмай тұрмайды. Өйткені, ол бір жылда тындыра салатын жеңіл-желпі шаруа емес екені белгілі. Ана тіліміздегі заңдар туралы да осыны айтуға болады.

Халқымыздың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлы: «Шешенің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау» – деген екен. Олай болса, жалпы заң шығару барысында, соның ішінде аударма тілін қолданған кезде заңдардың сапасын «Жеті жарғыдан» бері халықтың жадында сақталып қалған қазақы ресми заң тілінің мәйегін орынды пайдалану арқылы арттырып, құқықтық нормаға, жалпы жұрттың ұғымына сай келетін құжаттар дайындау басты мақсат болуға тиіс. Ол үшін заң мәтіндері аудармасында кездесетін түсініксіз терминдер мен орашалақ сөз тіркестерін әр саланың білікті мамандарымен ақылдаса отырып, бір жүйеге келтіру қажет. Сонда ғана «келісіп пішкен тонның келте болмайтынына» іс жүзінде көз жеткізетін боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы, «Егемен Қазақстан» газеті, 2012 жылғы 15 желтоқсан.
2. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ.
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (05.07.2014 ж.) // «Әділет» АҚЖ.
4. Орфографиялық сөздік, Алматы, Тіл білімі институты, 2007 ж.
5. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов), Астана, «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015 ж.



Мақалада заңнама терминдері мен тұрақты сөз тіркестерін аудару барысында мәтіндердің теңтүпнұсқалығын сақтау мәселелері талданып, қабылданған заңдардағы кейбір терминдердің ғылыми негізделген нақты баламалары ұсынылады.

Түйін сөздер: терминдер, теңтүпнұсқалық, ғылыми талдама.

В статье рассмотрены вопросы соблюдения аутентичности при переводе законодательных терминов и устойчивых словосочетаний, предложены научно обоснованные точные переводы некоторых терминов, содержащихся в принятых законах.

Ключевые слова: термины, аутентичность, научный анализ.

The article deals with issues of compliance with the authenticity of the translation of legal terms and collocations, offered scientifically sound accurate translations of certain terms contained in the adopted laws.

Keywords: terms, authenticity, scientific analysis

Бекен Ахметоллаұлы Шолан,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының ғылыми қызметкері

Талғат Егінбайұлы Мұшанов,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының Аударма секторының жетекші ғылыми қызметкері

Заң терминдері мен тұрақты тіркестерінің теңтүпнұсқалығын қалыптастырудың кейбір мәселелері

Шолан Бекен Ахметоллаұлы,

научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистика Института законодательства РК

Мұшанов Талғат Егінбаевич,

ведущий научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики Института законодательства РК

Некоторые вопросы формирования аутентичности юридических терминов и устойчивых словосочетаний

Sholan Beken,

Researcher of the sector of research linguistic expertise of legal acts and international agreements of Linguistic center of Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan

Mushanov Talgat,

Leading researcher of the sector of translation of Linguistic center of Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan

Some questions of formation of the authenticity of legal terms and collocations

